

«Әжелердің өшпейтін өнегелі үлгісі» Анықтама

Ұлттық тәрбие, нағыз қазақы тәрбиенің өзегі әжелер мектебінен бастау алады. Көпті көрген ақ жаулықты әжелер айтқан ертегі арқылы бала жақсы мен жаманды, дос пен дұшпанды, мейірімділік пен жауыздықты, жақсылық пен жамандықтың ара жігін ажыратуды үйренеді, тілі жаттығады. Ертегі, аңыз-әңгімелердің кейіпкерлері олардың басынан өтетін оқиғалары арқылы күнделікті нәрселерді талдай білуді және әлемді түсінуді үйренеді. «Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады» деген екен атақты ұстаз Ыбырай Алтынсарин.

Мектебімізде әжелер мектебінің іс-шара жоспарына сәйкес "Әжелердің өшпейтін өнегелі үлгісі" тақырыбында іс-шара өткізілді. Мақсаты: әжелер мектебі арқылы ертегінің танымдық-тәрбиелік әлеуетін жан-жақты ашып, отбасында ертегіні тәрбие құралы ретінде қолдана білуге ықпал ету. Оқушылар әжелерінің қызықты ертегілерін, үлгі-өнеге боларлық ақыл-кеңестерін қызығушылықпен тыңдады. Іс шара барысында 4 сынып оқушылары әжелерге әртүрлі сұрақтар қойып, өздерінің сүйікті ертегілерін қойып, өлең-тақпақтарын оқып берді, әжелеріне жылы лебіздерін, тілектерін айтты.

Сабақты «Сіздің әжеңіз қандай естелігімен қымбат немесе қандай естелік әжеңізді еске түсіреді?» деген сұрақпен бастап, қатысушылар өз әжелері туралы бір сөйлеммен жауап берді. «Ертегі туралы не білеміз?» тақырыбында Ж.Молдабаева мағлұмат берді. Қатысушылар «қиял-ғажайып ертегі», «хайуанаттар жайлы ертегілер», «тұрмыс-салт ертегісі», «заманауи ертегі» тобы болып, төрт топқа бірікті. Тақырып бойынша өз білетіндерін жүйелеп, ақылдаса отырып, ертегі туралы қаншалықты білімі бар екендіктерін, өз пайымдаулары мен тұжырымдарын жеткізді. «Әжем айтқан ертегі» әнін караокемен жаппай орындады.

Жауапты ДТЖО

